

Бүгін Сарыағаш аудандық мәслихаттың ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік мәселелелері жөніндегі тұрақты комиссиясы отырысы өтті.

Бүгінгі аудандық мәслихаттың ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік мәселелелері жөніндегі тұрақты комиссиясы отырысының жұмысына 3 комиссия мүшесінің 3 мүшесі қатысты.

Бүгінгі комиссия отырысына ауданның жер қатынастар бөлімінің басшысы Н.Кукеев, аудан әкімі аппаратының заң бөлімшесінің басшысы А.Сарсенбеков, «Д-Амир и К» ЖШС-нің құрылтайшысы Л.Тагаева, «Мехри» шаруа қожалығының басшысы М.А.Тогузбаеваның сенімді өкілі Н.Тогузбаев қатысты.

Бүгінгі комиссия отырысының күн тәртібіне 2 мәселе қаралды.

1. Дарбаза ауылдық округі Тасқұдық елді мекенінің ортақ мал жайылымын кеңейту мақсатында Дарбаза ауылдық округі аумағынан «Д-Амир и К» ЖШС-не жалға берілген 462,0 гектар суарылмайтын егістік жерінің бір бөлігін, яғни 300 гектар жерін Дербісек ауылдық округі аумағындағы ауданның арнайы жер қорындағы жерге ауыстырып беру туралы;
2. Жылға ауылдық округі Жылға елді мекенінің ортақ мал жайылымын кеңейту мақсатында Жалғы ауылдық округі аумағынан «Мехри» шаруа қожалығына жалға берілген 500,0 гектар суарылмайтын егістік жерінің бір бөлігін, яғни 130,0 гектар жерін Жылға ауылдық округі аумағындағы ауданның арнайы жер қорындағы жерге ауыстырып беру туралы.

Жоғарыдағы 2 мәселе мен аудандық мәслихатпен келісілді деп есептелді.